



**№ 2 (34)
2014**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (жаңа редакциясы) жобасы бойынша баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 5 маусым.....	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының конституциялық бақылауды қамтамасыз етудегі қызметінің кейбір мәселелері.....	10
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Мемлекеттік монополияның құқықтық негіздері.....	16
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік әділет неден басталады?.....	22
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы.....	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Қазақстан Республикасының банкроттық және оңалту заңнамаларының жаңалықтары.....	26
А.А. МҰҚАШЕВА, Р.Е. БҮЖІГІТОВА Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары.....	34
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА, А.М. ҚАСЫМОВА Мұрагерлік кезіндегі әмбебап құқық мирасқорлығы.....	40
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу.....	44
С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің өзектілігі: заң техникасы.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жобасын талқылау шеңберінде: жеке пікір.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасы өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын реттейтін қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру мәселелері.....	60
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....	65
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, К.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Кейбір конвенциялар, қазақстандық және американдық заңнама, БҰҰ-ның халықаралық терроризммен күрес құрылымдары.....	65
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт жобасының ерекшеліктері.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Қазақстан Республикасының қатысуымен қалыптасатын интеграциялық бірлестіктердің құқықтық аспектілері.....	80
Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.К. ЖҮСІПБЕКОВА Қазіргі кезеңдегі Кедендік одақтың кедендік-тарифтік саясатының өзекті мәселелері.....	86
Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама.....	92
Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді әрі қарай жетілдірудің кейбір теоретикалық аспектілері.....	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Әлеуметтік жаңғырту аясындағы еңбек заңнамасы (іргелі ғылыми-қолданбалы зерттеу материалдары бойынша).....	96
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен.....	100
Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТҰРАРОВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды!.....	108
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Аударма жасауда заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелері.....	112
А.Н. КАДИРОВА Заң терминдерін аудару мәселелерін зерттеу мен тіларалық коммуникация саласындағы шығармашылық.....	116
Шетелдік тәжірибе.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Имплементация құқықтық институт ретінде.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Мемлекеттік биліктің моральдық-этикалық құрамдас бөлігі.....	125
Құқық қолдану тәжірибесі.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Сот актілерін орындау - басты міндет.....	131

Жас ғалым мінбері.....	133
Д.Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Ұлыбритания еліндегі атқарушы директорлардың асыра сыйақыларына құқықтық және корпоративтік шектеулерді қарастыру.....	133
А.М. ҚОҒАМОВ ҚР және АҚШ-тың қылмыстық процесінде әрбір адамның білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына қысқаша салыстырмалы-құқықтық талдау.....	139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Мұрагерлік құқығындағы өсиеттік бас тарту институты.....	143
С.Т. СӘРСЕМБАЕВА Қарақшылық пен бопсалаушылықтың ара-жігін ажыратудың проблемалық мәселелері.....	146
З.С. ӘШІМОВА Аукцион сауда-саттық нысаны ретінде	151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар.....	155
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері.....	159
Ақпараттық хабарламалар	164
2014 ж. 24-25 сәуірде Мәскеу қ. өткен Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы үшінші жылсайынғы форум туралы ақпараттық хабарлама.....	164
2014 ж. 21 мамырда ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама.....	166
2014 ж. 30 мамырда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалаудың өзекті мәселелері: теория және практика» атты Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	170
«Сауда және инвестицияны қорғау туралы өңірлік халықаралық шарттар» тақырыбына өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама. Минск қ., 2014 жылғы 12-13 маусым	172
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....	174
Мерейтой.....	175
З.ғ.д., профессор М.С. БЕЙБІТОВТІҢ туғанына 60 жыл.....	175
ҚР ҰҒЖА академигі, з.ғ.д., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИДІҢ 60-жылдығына орай.....	177



**№ 2 (34)
2014**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Пресс-релиз Министерства юстиции Республики Казахстан по проекту Кодекса об административных правонарушениях (новая редакция), г. Астана, 5 июня 2014 года.....	8
<i>Конституционное и административное право</i>	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Отдельные аспекты деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан по обеспечению конституционного контроля.....	10
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы государственной монополии.....	16
С.С. ШИШИМБАЕВА С чего начинается административная юстиция?.....	22
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право.....</i>	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Новеллы законодательства Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве....	26
А.А. МУКАШЕВА, Р.Е. БУЖИГИТОВА Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике».....	34
Л.С. ТУРГАНБАЕВА, А.М. КАСЫМОВА Универсальное правопреемство при наследовании.....	40
<i>Уголовное право и уголовный процесс.....</i>	44
С.М. РАХМЕТОВ Проблемы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан: юридическая техника.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ В рамках обсуждения проекта Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан до 2025 года: собственные рассуждения.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Правовое знание всегда дает результат.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ К вопросу совершенствования норм уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан, регламентирующих Институт пожизненного лишения свободы.....	60
Международное право и сравнительное правоведение.....	65
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Some Conventions, Kazakh criminal legislation, UN structures in fight with international terrorism (Некоторые конвенции, казахстанское и американское законодательство, структуры ООН в борьбе с международным терроризмом).....	65
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Особенности Проекта Договора об учреждении Евразийского экономического союза.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовые аспекты интеграционных процессов с участием Республики Казахстан.....	80
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Актуальные проблемы таможенно-тарифной политики Таможенного союза на современном этапе.....	86
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА.....	92
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан.....	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Трудовое законодательство в свете социальной модернизации (по материалам фундаментального научно-прикладного исследования).....	96
Из практики законодательства на государственном языке.....	100
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТУРАРОВА Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ Не стоит откладывать принятие закона о государственном языке!.....	108
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Вопросы словообразования и морфологических особенностей языка закона при переводе.....	112
А.Н. КАДИРОВА Изучение вопросов перевода юридических терминов и творческий подход к сфере межъязыковой коммуникации.....	116
Зарубежный опыт.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Имплементация как правовой институт.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Морально-этическая составляющая государственной власти.....	125
Правоприменительная практика.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Исполнение судебных актов – главная обязанность.....	131

Трибуна молодого ученого..... 133

Д.Ш. ХУДАЙБЕРГЕНОВА Examination of the Legal and Governance Restraints on Excessive Executive Directors' Remuneration in the Great Britain (Рассмотрение правовых и корпоративных ограничений на чрезмерные вознаграждения исполнительных директоров в Великобритании)..... 133

А.М. КОГАМОВ Краткий сравнительно-правовой анализ конституционного права каждого на получение квалифицированной юридической помощи в уголовном процессе Республики Казахстан и США..... 139

Ж.М. ЛЕПЕСОВА Институт завещательного отказа в наследственном праве..... 143

С.Т. САРСЕМБАЕВА Problematic issues of delimitation of robbery and extortion (Проблемные вопросы разграничения разбоя и вымогательства)..... 146

З.С. АШИМОВА Аукцион как форма торгов..... 151

Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Правовые последствия при усыновлении (удочерении)..... 155

Д.Ш. ТОКЕЕВ Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации..... 159

Информационные сообщения 164

Информационное сообщение о Третьем ежегодном Евразийском антикоррупционном форуме в г. Москве, 24-25 апреля 2014 г. 165

Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам проведения научной лингвистической экспертизы, 21 мая 2014 г. 168

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы реформирования законодательства Республики Казахстан: теория и практика», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 30 мая 2014 г. 171

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Региональные международные договоры о торговле и защите инвестиций» в г. Минске, 12-13 июня 2014 года 173

Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова..... 174

Юбилей..... 175

Д.ю.н., профессору БЕЙБИТОВУ М.С. - 60 лет..... 175

К 60-летию академика НАЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИ..... 177



*Қойлыбаев Қанат Орынтайұлы,
Қазақ гуманитарлық заң университетінің
Азаматтық құқық кафедрасы магистранты*

БАЛА АСЫРАП АЛУДАН ТУЫНДАЙТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАР

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң жүргізіліп жатқан реформалар мемлекетіміздің іргетасының мықты қалауына бағытталып жатыр. Осы кезде отбасы құқығының маңыздылығы арта түсуде. Өйткені қоғам жеке адам, ерлі-зайып, отбасыдан құралады. Мемлекеттің осы қоғамдық қатынастарға қатысты шешімдері мен әділ заңдары осы қоғам азаматтарының келешек тағдырына әсер тигізеді.

Отбасы адамның өмірінде ерекше орын алады, әсіресе сәбидің өмірінде орасан зор рөлі бар. Отбасы баланы өмірге дайындайды, қоғамдағы жүріс-тұрысының алғашқы кірпішін қалайды, өмірге деген алғашқы көзқарасын қалыптастырады. Ата-ана - балаға еңбекке деген сүйіспеншілікті, әлеуметтік, мәдени және көркем мінез-құлықты үйрететін алғашқы ұстазы. Ата-анаға қарап бала өседі. Қазақта «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сөз осыған байланысты айтылған. Әр отбасының бала тәрбиелеудегі көзқарасы әртүрлі болып келеді, біреулері мейірім махаббатпен тәрбиелесе, ал басқалары өзге тәсілді таңдайды.

Қазір Қазақ жерінде түрлі себептерге байланысты мыңдаған балалар ата-ананың қамқорлығынсыз жетім қалып жатыр.

Қоғамызда ата-аналары тұрмыстың қиыншылығын көтере алмай ішімдікке салынып, солардың қамқорлығы мен мейірімін көре алмай көшеде қаңғырып жүрген балалар да аз емес. Бұндай тағдырдың ауыртпашылығын көрген балалар өздерін ешкімге керек емес екенін сезініп, түрлі жаман іс әрекеттерді жасауға барады.

Бірақ бала қандай жағдайға душар болмасын, ол әрқашан да мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекет ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды аманат қылып өз жауапкершілігіне алады. Яғни оларды балалар тәрбиесімен айналысатын мекемелерге орналастырады. Бірақ ол мекемелердің қамқорлық пен мейірімге тола еместігі көпшілікке мәлім. Ата-ананың

қамқорлығы мен мейірімін көре алмаған балаға мекеме каншама қамқорлық жасаса да, ата-ананың, отбасының орнын ауыстыра алмайды.

Әрбір бала ата-анасын жоғалтқанына қарамастан отбасыда өсіп тәрбиеленуіне құқығы бар, ол құқықтан оны ешкім айыра алмайды. Мемлекеттің ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыларға орналастыруының мынадай бірнеше жолы бар: баланы асырап алу, қамқорлық пен қорғаншылық, патронат.

Бала асырап алу ертеден келе жатқан құқықтық институт және бұл кез-келген өркениетті мемлекетте ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыларға орналастырудың ең тиімді жолы болып есептеледі.

Қазақстан Республикасында да жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселесін шешуде баланы асырауға беру негізгі жиі қолданылатын және ең тиімді жол болып есептеледі. Жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруда басымдылық асырап алуға беріледі.

Бала асырап алу - қазақ халқына жат дүние емес, керісінше ата-бабамыздан қалған көне дәстүр. Біз қазақ жетімді жетімсіретпей «жетімді көрсең жебей жүр» деген асыл сөздерді ұстанып өмір сүрген халықпыз.

Қазақтың дәстүрлі құқығында жетім мәселесі зерделене қарастырылған. Қазақ атамыз бала ата-анасынан айырылғанда оны жетімсіретпей, ол ер жеткенге дейін өз бауырына басатын, не қорғаншысы мен қамқоршысын тауып беретін. Асыранып алынған бала жалпы құқықтарында асырап алушының балаларымен теңдей болатын.

Ал енді, асырап алынған бала мен асырап алушының туған балаларының арасындағы мүліктік құқықтарына қатысты мәселелер әділеттілік тұрғысынан дұрыс өз шешімін тауып отырған. Асыранып алынған бала мен оның ұрпағының еш уақытта мүліктік құқықтары мен міндеттері асыраушысының туған балаларымен

теңестірілмеген.

Асыраушысы қайтыс болғаннан кейін артынан мұра қалып жатса, асырап алынған бала мен оның ұрпағының мұраға деген үлестері, заңды (қандық жағынан) мұрагерлеріне теңестірілмейтін, бірақ өздеріне тиісті үлесін алып отыратын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының отбасы құқығында бала асырап алу материалдық және процессуалдық құқықтық сипаттағы күрделі нормаларды қамтыған құқықтық институт болып қалыптасты. Жаңадан Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі қабылданғанмен, бала асырап алуға қатысты мәселелер толығымен шешімін таппай тұр. Отбасы заңнамасының жетіспейтін кемшілік тұстары көп, әсіресе бала асырап алуға қатысты кемшіліктер жетерлік. Мәселен, бала асырап алу тақырыбына жазылған көптеген оқулықтарда, бала асырап алудан кейін туындайтын құқықтық салдар туралы мәселелер жалпылама қарастырылады. Бұл мақалада осы мәселелерге кеңірек тоқталып кетсек.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу белгілі бір құқықтық қатынастарды тудыратын заңи факт. Яғни ол бала мен асырап алушы, бала мен асырап алушылардың туыскандары арасындағы пайда болатын құқықтық қатынастар [1, с. 24-25]. Бұл құқықтық қатынастар күрделі сипатқа ие. Мәселен, мұрагерлікке қатысты. Осы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің нормаларымен реттеледі. Аталған кодекстің 103 бабының 1-тармағында «Асырап алынған бала және оның ұрпағы бала асырап алушылар мен олардың туыстарына қатысты бойынша, ол бала асырап алушылар мен олардың туыстары асырап алынған бала мен оның оның ұрпағына қатысты бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерінде шыққан тегі бойынша туыстарына теңестіріледі» [2] делінген. Осы жерде заң шығарушы асырап алынған мен оның ұрпағын және бала асырап алушылар мен олардың туыстарының мұрагерлікке қатысты құқықтарын теңестірді. Бұл мәселе анық түсінікті болу үшін мұрагерлік құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1060/2-бабының нормасына көз салайық «Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған мен оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі» [3]. Ал енді заң шығарушы бұл жерде жоғарыда

айтылған азаматтарды мұрагерлік қатынастарда бір-біріне қандас туыстар етіп қойған. Қандай негіздер бойынша «қандас» туыстарға теңестіргені түсініксіз.

Заң шығарушы аталған заң нормасында (ҚР АҚ 1060/2) «теңестірілген» деген сөзді қолданады. Неліктен заң шығарушы асырап алынған мен оның ұрпағын «қандас» туыстарға теңестіреді? Және «теңестіруде» қандай негіздерге сүйенді екен?

Бұл мәселені анықтау үшін бұл норманың тарихына көз жүгіртейік. 1917 жылғы Қазан социалистік төңкерісі қазақ халқына түбегейлі өзгерістер алып келді. Осы өзгерістердің ең алғашқысы отбасылық қатынастардың өзгеруі болды. Кеңес үкіметінің құрылғанына екі ай өтпестен 1917 жылы 18 желтоқсанда «Азаматтық неке, балалар және азаматтық хал актілері кітабын енгізу» туралы отбасы қатынастарын реттейтін Декрет қабылданды. Бұл бастаманың басында В.И Лениннің өзі болды. Бұл Декрет некеге тұруға және бұзуға еркіндік берді. Кез келген азамат қалаған адамға үйленіп, қалаған адамнан ажыраса алатын болды. Заң тек бір әйел алуға рұқсат берді. Бұдан кейін Кеңес үкіметі тек азаматтық некені заңды деп есептейтін болды. Асырап алынған балалар мен некеден тыс туылған балалардың құқықтары асырап алушының некедегі (қанды) балаларының құқықтарымен теңестірілді. Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі жасалды. Некеге тұрудағы ата-ана келісімі, өкілдің болуы, көп әйел алу және діни неке кию - мұның бәрі енді заңға қайшы болды [4, с. 28-34].

1923 жылы Кеңес үкіметі жаңа отбасы кодексінің жобасын әзірлеп, 1925 жылы халық талқылауына ұсынып, 1926 жылы «Неке, отбасы және қорғаншылық» туралы жаңа кодекс қабылдады. Қабылданған кодексте бала асырап алуға қатысты арнайы тарау болды (57-67 баптар). Осы кодексте жоғарыда аталған Декреттің, асырап алынған балалардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерін асырап алушының туған балаларына теңестіретін нормалары сақталды. Бұл кодекс 1968 жылға дейін қолданыста болды.

Осылайша 19-20-ғасырда Ресей патшасы, кейінен Кеңес үкіметі жүргізген зұлымдық саясат қазақ жұртына көптеген қасіретті өзгерістер алып келді. Қабылданған заңдар қазақ әдет-ғұрып заңдарымен мүлдем санаспады. Мәселен, неке жасы еркек пен әйелге ортақ 18 жас белгіленді. Бұл қазаққа мүлдем жат дүние еді. Қазақ ержеткен ұлын ерте үйлендіріп, бойжеткенін

үйде ұстамайтын. Егер орыс халқының ұлдары мен қыздары 18 жасқа дейін бала болып жатса, қазақтың 14 жастағы баласы ел басқарған. Жеті атаға дейін адаспай тегін білген қазақты, ендігі келіп қабылданған кодексте неке қиылғаннан кейін ата тегін өзгертуге болатын болды. Ажырасу бұдан кейін оңайға айналды, тек ерлі-зайыптылардың бірі ерік білдірсе болды неке бұзыла беретін. Некеден тыс және асырап алған балаларды, некеде (қанды) туылған балаларға мүліктік құқықтарын теңестіріп тастады. Жоғарыда аталған көптеген нормалар қазіргі күнге дейін Қазақстан Республикасының отбасы заңнамасында қолданылып жүр.

Қазақстан Республикасының мұрагерлік құқығында заң бойынша мұрагерлерді екіге бөліп қарастырады:

- 1) Қан бойынша
- 2) Заң бойынша

Қан бойынша туыстық санатына ата-әже, әке-шеше, қандас балалары, асырап алынған балалар және олардың ұрпақтары, аға-інілері, апа-сіңілері, аталары бір аға-інілері, апа-сіңілері, әкесі немесе шешесі бір аға-інілері, апа-сіңілері жатқызылады. Заң бойынша туыстық санатына: өгей әке мен өгей шеше, мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар. Осы жерде асырап алынған мен оның ұрпақтарын туыстық санатының екінші тобына жатқызсақ дұрыс болар еді.

Сонда асырап алынған мен оның ұрпақтары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі заң бойынша мұрагерлердің бесінші кезегіне жатар еді.

Осы пікіріміз түсініктірек болу үшін мынадай мысалдарды қарастырып көрелік. Мәселен, асырап алынған баланың туған ата-анасы, бала асыранып алынғанға дейін қайтыс болып кетіп, балаға өсиет қылып қалдырып кеткен мұра бала кәмелетке толғаннан кейін белгілі болды делік. Бұл мұраның жалғыз иесі бала болады. Өйткені бала асыранып алынғанға дейін туған ата-анасының жасаған әрекеттері заңды болып есептеледі. Олар ол кезде ата-ана құқығынан айырылмаған еді. Дәл осы кезде баланы асырап алушы қайтыс болып артында қалдырған мұра ашылып мұрагерлері шақырылып жатыр. Осы кезде асырап алынған мен оның ұрпақтары екінші рет мұрагерлер болып атанып жатады. Мұндай жағдайда асырап алушының қандас балалары мен асырап алынған мен оның ұрпақтары арасында теңдік пен әділеттілік жоғалады. Сондай-ақ заң асыранып алынған балаға туған ата-әжесімен араласуға тыйым

салмайды. Егер ата-әжесі қайтыс болып жатса, заң бойынша мұрагер бола алады.

Демек, асырап алынған мен оның ұрпақтарының қосымша байып қалу мүмкіндігі бар болғандықтан, бала асырап алушылардың қандас балалары мен туыстары асырап алынған бала мен оның оның ұрпағына қатысты бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары теңестірілмегіні дұрыс болады.

Сондай ақ біздің пікірімізше, жоғарыдағы келтірген дәлелдерге қоса, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1060/2-бабы асырап алынған бала мен оның ұрпағын «қандас» туыс тобына жатқызбаған орынды болар деп есептейміз. Өйткені «Қандас» деп, бір ата-анадан, я болмаса атасы бір болған адамдарды айтады. Бұл жерде қай жағымен асырап алынған бала мен оның ұрпағы «қандас» туыс болады? Табиғи түрде қандары бірікпегендерді формальді түрде біріктіру дұрыс емес.

Қазаққа дәстүрі, тілі мен дін жағынан жақын болып келетін Түркия заңнамасымен салыстырып көрелік. Мәселен, Түркия мұрагерлік құқығында (Zumre halefiyeti) асырап алынған мен оның ұрпақтары тек асырап алушыға ғана мұрагер бола алады. Тіпті асырап алушы асырап алынған балаға заңды мұрагер бола алмайды (Түркия Азаматтық кодексі 314, 500) [5, с. 86-89]. Өйткені Түркия мұрагерлік құқығында асырап алынған бала мен оның ұрпағы «қандық» туыстарға жатпайды. Біздің заңнамамызда да осылай көрсетілсе дұрыс болар еді.

Түркия мұрагерлік құқығында мұрагерлік қатынастар тек асыранып алынушы мен оның ұрпағы және тек асырап алушылар арасында пайда болады (Түркия Азаматтық кодексі 500/2). Яғни туыстары бұл құқықтық қатынасқа қатысушы болып табылмайды.

Демек, Қазақстан Республикасының заң шығарушысы да асырап алынған бала мен оның ұрпағы және асырап алушының туыстары араларындағы жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттерді тудырмаса дұрыс болар еді.

Бала асырап алу бағытында көптеген еңбек жазған ғалымдар асырап алынған балаларға «адамгершілік» тұрғысынан қарау керектігі пікірін ұстанады, содан кейін бұл ұстаным заңды жазған кезде өз көрінісін тапқан шығар.

Асырап алынған бала мен оның ұрпағын асырап алушының қандас туыстарымен «қандас» қылып, олардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарын теңестіруде әділеттілікті ұстанған дұрыс болар еді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Джандарбек Б.А. Усыновление (удочерение) в семейном праве Республики Казахстан. – Алматы, 2007. - 182 с.
2. Қазақстан Республикасының «Неке және Отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV кодексі.
3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).
4. «О гражданском браке, о детях, о введении книг актов гражданского состояния» (Декрет) 1917 год // Саясат. - №11. - 2001 г. - С. 28-34.
5. Н.М Батырбаев, А.А Аманқожаев. Қазақстан Республикасының Мұрагерлік құқығы: Оқу құралы. – Алматы, 2006. - 206 б.



Мақалада бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар туралы мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ мақалада бала асырап алу жөніндегі қазақ халқының әдет-ғұрып нормалары да ескеріледі. Бұған қоса Қазақстан мен Түркия Республикасының бала асырап алуға қатысты заң нормалары салыстырмалы түрде зерделенді.

Түйін сөздер: бала асырап алу, балал асырап алудан туындайтын құқықтық салдар, әдет-ғұрып нормалары, азаматтық құқық, мұрагерлік құқық, Түркия мұрагерлік құқығы.

В статье рассматриваются вопросы о правовых последствиях при усыновлении (удочерении). Были использованы нормы обычного права казахов. А также приведены примеры путем сравнения норм законодательств Казахстана и Турецкой Республики в части усыновления (удочерения).

Ключевые слова: усыновление (удочерение), правовые последствия при усыновлении (удочерении), нормы обычного права, гражданское право, наследственное право, наследственное право Турции.

This article is about questions of legal effect of adoption. The rules of Common Law of the Kazakh people were used in the work. As well as were given examples by comparison of the rules of legislation of the Republic of Kazakhstan with the Republic of Turkey concerning adoption.

Keywords: adoption, legal effect of adoption, rules of Common Law, Civil law, Hereditary law, Hereditary law of Turkey.

Қанат Орынтайұлы Қойлыбаев,

Қазақ гуманитарлық заң университетінің Азаматтық құқық кафедрасы магистранты

Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар

Қойлыбаев Қанат Орынтайұлы,

магистрант кафедры гражданского права Казахского гуманитарно-юридического университета

Правовые последствия при усыновлении (удочерении)

Koylybayev Kanat Oryntayuly,

undergraduate of chair of civil law of the Kazakh humanitarian and legal university

Legal effect of adoption